

Ж.Д.Рапишева¹, Ж.А.Тұрлыбекова²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана (E-mail: R_Zhanat@mail.ru)

Сөйлемнің коммуникативтік типтері жөнінде

Мақалада сөйлемнің коммуникативтік типтерінің қазақ тіл білімінде, орыс және шетел тіл білімінде зерттелуі сөз болды. Коммуникативтік мақсаттағы сөйлемдердің басты белгісі коммуникативтік типтердің сөйлеу барысында туындайтыны жайында айтылып, сөйлем типтерінің пайда болу жағдайлары нақты тілдік деректермен дәлелденген. Мақала авторлары сөйлемнің коммуникативтік типтерінің айырым белгілері ремалық компоненттер сипатымен тікелей байланысты деген қорытынды жасады.

Кілтті сөздер: сөйлем, сөйлем типтері, коммуникативтік типтер, коммуникативтік қызмет, функционалдық синтаксис, прагмалингвистикалық аспект, сөйлеу актілері, констативтер.

Тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі негізгі қызметі синтаксис арқылы жүзеге асады, сондықтан коммуникативті синтаксис сөйлемдерді құрылымдық тұрғыдан емес, олардың мазмұны, семантикасы тұрғысынан зерттейді.

Синтаксис ойлаумен, қарым-қатынас үдерісімен және сол коммуникация жүріп жатқан жағдаймен тікелей байланысты болады. Синтаксистік құрылымдардың коммуникативтік қызметі әлем тілдерінің бәрінде бірдей, демек, ол — тілдің әмбебап бөлігі. Сонымен қатар әр тілде синтаксистік қатынас берілуінің өзіндік ерекшеліктері де бар. Функционалдық синтаксис тілде түрлі өтініш, тілек, таң қалу, сүйсіну сияқты сезімдердің берілу амалдарын сипаттауға мүмкіндік береді.

Функционалдық синтаксис байланыстыра сөйлеудегі синтаксистік құралдардың қызметін қарастыратындықтан, түрлі контекстегі, яғни сөйлеу үдерісіндегі, сөйлемдердің типтері де нақтылануы тиіс.

Орыс тіл білімінде контекстегі сөйлем немесе қарым-қатынас бірлігі *высказывание* деп аталады. Қазақша ғылыми айналымда контекстегі сөйлемдерді атауда бірізділік жоқ, олар *айтылыс, айтылым, сөйлесім, сөйленім, сөйлемелік* деп түрліше аталып жүр.

К.Аханов эмоционалды-экспрессивті қызмет атқаратын құрылымдарды сөйлемдер қатарына жатқызбайды және оларды *айтылыс* деп атайды [1].

Зерттеуші А.Елеуованың: «...Соған орай синтаксистегі сөйлем табиғатын контекстік және жағдаяттық тұрғыдан қарастыратын зерттеулерде *сөйлем-айтылымның* белгілі бір бөліктерінің актуалданбай түсіп қалуы предикативтілік және контекстік-психологиялық сипаттағы коммуникативтілік категорияларынан көрінеді» [2], — деген пікірі деактуализация мәселелеріне қатысты айтылғанмен, тікелей қарым-қатынаста қолданылатын сөйлемдердің екі жағын анық аңғартады.

Сөйлеу тілінің прагмалингвистикалық аспектісін зерттеген З.Ерназарова сөйлем мен нақты коммуникацияда қолданылатын синтаксистік құрылымды ажыратады: «... Сөйлем мен сөйлесімнің ең басты айырмашылығы — біреуінің сөйлеу актісінде пайда болатындығында. Сөйлемнің өзі арқылы аяқталған ой берілетін болса, сөйлесімде берілген ойдың түсініктілігі мен мағына толықтығы сөйлеу актілері арасындағы мағыналық байланыс, тақырып ортақтығы арқылы қалыптасады» [3], ал бұл дегеніміз — контекстегі сөйлем.

«Ч.Фриз өзінің жіктемесін дәстүрдегідей сөйлемнің меншікті семантикасынан емес, сөйлемдердің айтылуы барысында оған жауап ретіндегі кері қайтарылатын реакциясынан туындату керек деп ұсынады. Ч.Фриз дәстүрлі жіктемені жоққа шығармайды, бірақ ол жіктемені сөйлемдер түрінде емес, сөйленімдер түріндегі (высказывание) бірліктерге жасаған. Ч.Фриз сөйленімдердің бірнеше түрін айқындайды» [4]. Біздіңше, контекстегі немесе нақты коммуникативті жағдайдағы сөйлемді *сөйленім* деп атау дұрыс болады.

Авторлар ұжымы шығарған «Тіл білімі сөздігі» «высказывание» терминіне балама ретінде *сөйлемелік* сөзін ұсынып, оған мынадай анықтама береді: «Сөйлеу әрекетінің единицасы. Сөйлеммен бірдей болуы мүмкін, бірақ сөйлеу ішінде қарастырылады... С. жағдайға тәуелді, сөйлеушіге белгілі нақты жағдаймен тығыз қарастырылады» [5]. Бұл пікірлерде коммуникативтік мақсаттағы

сөйлемдердің басты белгісі олардың сөйлеу барысында туындауы болып табылады. Бұл орайда Ж.А.Жақыповтың пікірін келтіру орынды: «... біз қазақ тіліндегі «сөйлем» аталымынан бас тартпаймыз. Өйткені жалпыға түсінікті бір ақиқат бар: тіл — мән, сөйлеу — құбылыс. Философияда дәлелденгендей, құбылыс кеңірек, мән мен құбылыстың бірінсіз-бірі жоқ, бұлар тығыз диалектикалық байланыста тұрады. Сонда, тіл мен ойлау бір нәрсенің екі жағы болып шығады. Тілге — статика, сөйлеуге динамика тән. Тілде ой берілсе, сөйлеуде ой қозғалысқа, өзгеріске түседі» [6].

Сөйлемдердің түрлі типтерін коммуникативтік тұрғыдан 1960 жылдардың аяғында Дж.Р.Серль «сөйлеу актілері теориясы» аясында қарастыра бастады. Бұл теорияның негізіне Дж.Л.Остиннің философиялық идеялары алынған еді (1955 жылғы лекцияларында айтылған мәселелер 1962 жылы кітап болып шыққан, орыс тіліне аударылған ол лекциялар «Новое в зарубежной лингвистике» сериясының 1986 жылғы жинағына енгізілген) [7].

Сөйлеу актілері теориясының нысаны — сөйлеу актісі, яғни сөйлеушінің тыңдаушымен тікелей қатынасы жағдайында айтылған сөйлемі. Сөйлеу актісін талдау үшін оны зерттеудің түрлі қырына назар аудару қажет. Сөйлеу актілері теориясында сөйлеу әрекетінің объектісі — сан алуан әлеуметтік және психологиялық сипатқа ие жеке тұлға.

Сөйлеу актілері теориясы дегеніміз — жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылатын сөйлеу актісінің қарапайым бірлігінің құрылысы, яғни сөйлемнің актуалдануы туралы ілім.

Коммуникативтік қызмет теориясының бірде-бірі коммуникативтік жағдайды ескермей зерттеу жүргізе алмайды. Сөйлеу актілері теориясында коммуникативтік жағдайдың өз үлгі-моделін қолданады. Бұл үлгі сөйлеуші, тыңдаушы, түрлі жағдайлар, сөйлемдермен қоса сол сөйлеу актісінің мақсаты мен нәтижесін де қамтиды. Сол себепті көптеген лингвистер әлеуметтік іс-әрекетте қарым-қатынасқа түсу барысында туындайтын әр қилы мақсаттарға жету үшін тілді қолдану механизмі қандай деген сұраққа жауап іздеді.

Сөйлеу актілері теориясында сөйлеу актісі үш деңгейлі құрылым ретінде қарастырылады: локутивті акт, иллокутивті акт, перлокутивті акт. Локутивті акт — сөйлеу барысында қолданылатын тілдік құралдар, иллокутивті акт дегеніміз — сөйлеу актісінің мақсаты мен оны жүзеге асыру жағдайларына қатысы, перлокутивті акт — сол сөйлеу актісінің нәтижеге қатысы. Бұл үштаған айтылым мазмұнының бірлігін көрсетеді.

Сөйлеу акті дегеніміз — белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу. Сөйлеу актілерінің негізгі белгілері ретінде зерттеушілер ниет (интенционалдылық), мақсаттылық және конвенционалдылықты атайды.

Сөйлеу актілеріне өздеріне тән, бір-бірімен байланысты әлеуметтік рөлдері бар, сөйлеу дағдылары, әлем туралы түсінік-ұғымдары ортақ сөйлеуші мен адресат қатысады. Сөйлеу актісінің құрамына сөйлеу жағдайы мен оның мазмұнына қатысты болмыстың үзгі кіреді. Дж.Остиннің айтуынша, сөйлеу актісін орындау деген жалпыға түсінікті тілдік таңбамен дыбыстау; сол тілдің сөздерінен сол тіл грамматикасының заңдылықтарына сәйкес сөйлем құрау; сөйлемдегі мағына мен референция (болмысқа қатысы) (локутив); сөйлеуге мақсат қою (иллокутивті акт), яғни сөйлеу барысында қандай да бір коммуникативтік мақсатты білдіру; белгілі бір нәтижеге итермелеу (перлокутив), яғни адресаттың санасына немесе іс-әрекетіне ықпал ету.

Ал Дж.Р.Серль сөйлеу актілерінде мыналарды көрсетеді: дыбыстау актісі; референция мен предикацияны жүзеге асыратын пропозициялы акт; сөйлеушінің мақсатын жүзеге асыратын иллокутивті акт. Сөйлеу актілерінің қызметін Остин иллокутивті күштер, ал оларға сәйкес етістіктерді иллокутивті етістіктер деп атаған (сұрау, өтініш, тыйым салу). «Иллокутивті күштер» ұғымы кешенді түрде түсініледі. Ол сөйлеу актілерін бір топқа біріктіретін иллокутивті мақсатпен қатар, оның қарқынын, мақсатқа жету амалын, тәуелді пропозицияның ерекшеліктерін және нақты (бұйыру, талап ету, кеңес беру) сөйлеу актілерінің басқа да даралық шарттарын қамтиды.

Кейбір иллокутивті мақсаттарға ым-ишарамен, кинемалармен жетуге болады, алайда кейбір мақсаттар сөздің көмегісіз беріле алмайды, мысалы, ант ету, уәде беру, мұндағы етістіктер перформативті. Басқа иллокутивті етістіктер перформатив бола алмайды (мақтану, сес көрсету, жәбірлеу).

Перлокутивті ықпал тікелей сөйлеу актісінен тыс болатындықтан, сөйлеу актілері теориясы иллокутивті күштерді талдауға бағытталған, ал «сөйлеу актісі» мен «иллокутивті акт» терминдері синонимдер ретінде қабылданады. Иллокутивті күштердің жалпыланған түрі сөйлемнің

грамматикалық құрылымынан көрінеді (хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер). Иллокутивті мақсаттар біртұтас мазмұнды диалог құру барысында айрықша маңызға ие, өйткені сұрақ жауапты талап етсе, кінәлау не ақталуды, не көшірім өтінуді қажет етеді.

Сөйлеу актілерін жіктеуде иллокутивті мақсат, сөйлеушінің психологиялық жай-күйі, сөйлеу актісіндегі пропозиционалды мазмұнның нақты болмысқа қатынасы, адресант пен адресат мүдделері ескеріледі.

Сөйлемдер көмегімен сөйлеуші белгілі бір әрекет жасайды. Дж. Р. Серль сөйлеушілердің коммуникативтік мақсатына қарай (нақты сөйлеу актілерінің қатысушыларының ерекшеліктері мен жағдайларын ескере отырып) сөйлемдердің прагматикалық типтерінің толық жіктемесін жасады. Негізгі прагматикалық типтер ретінде перформативтер мен констативтер (репрезентативтер хабарламалар) аталды. Перформативтер дегеніміз — сөйлеу нәтижесі белгілі бір әрекетке балама бола алатын сөйлемдер, мысалы, *Мен ант етемін; Мен уәде беремін; Конференцияны ашық деп жариялаймын*, яғни сөйлеуші сол айтып тұрған әрекетін орындайды. Перформативтер автореферентті, яғни перформативті, сөйлемде етістік I жақта, жекеше түрде, осы шақта болуы керек.

Ал констативтер нақты бір нәрсе туралы хабарлайды. Констативтер өз ішінен промисив, экспрессив, менасив, директив, реквестив деп бөлінеді.

Директив — адресатты белгілі бір әрекетке итермелейтін, оның іс-әрекетіне түрткі болатын сөйлемдер. Бұл сөйлемдердің өзі екі түрлі болуы мүмкін: сөйлем-бұйрық (инъюктив) және сөйлем-тілек (реквестив). Бұлардың екеуінің де грамматикалық құрылымы әдеттегі бұйрықты сөйлеммен бірдей болады: *Терезені аша салшы*, тілек мәні тек *-шы* жұрнағымен көрсетіліп тұр. Бұл сөйлемдер интонациясымен де ажыратыла алады.

Промисив және менасив. Сөйлем — уәде және сөйлем — сес көрсету. Констативтер сияқты, промисивтер де қашан да хабарлы сөйлем болғанмен, олардың коммуникативтік-интенционалды мазмұнындағы айырмашылықтардан олардың формалды шектеулері байқалады: промисивтер тек келер шақта ғана болып, сөйлеуші өзі істейтін әрекеттің кепілі ретінде көрінеді: *Мен тура уақытында келемін*. Менасив сөйлемдердің коммуникативтік-интенционалды мазмұны — сес көрсету, қорқыту: *Әлі көрешегіңді көрсетемін!* Ал экспрессивтер таза көңіл-күйді, түрлі сезім қалпын білдіретін сөйлемдер.

Таза лингвистикалық тұрғыдан бұл сөйлеу актілері сөйлемдердің коммуникативтік негізгі үш типімен сәйкес келетіні байқалады. Аралас коммуникативтік типтегі сөйлемдер жанама сөйлеу актілері деп түсініле алады, яғни жекелеген жағдайларда олар түрліше интерпретациялана алады.

Кейіннен сөйлеу актілері теориясы тереңдетіле зерттеліп, сөйлемдердің коммуникативтік типтерін анықтауда қосымша грамматикалық ажырату белгісі деп санала бастады.

Барлық сөйлемдер екі қағидат бойынша жіктеле алады:

- 1) Сөйлемнің коммуникативтік бағалылығы.
- 2) Сөйлем құрылымы.

Сөйлем дегеніміз — хабарлаудың тұтаса құрылған бірлігі, қатысым барысында сөйлеуші тыңдаушыға белгілі бір ақпаратты жеткізеді.

Синтаксистің негізгі нысанының бірі — сөйлем. Сөйлем — сөздерден синтаксистік модель негізінде құрылып, жағдаятқа сәйкес коммуникативтік мақсатқа бағытталған сөйлеу бірлігі. Сөйлем де, сөз сияқты, номинативтік бірлік, алайда сөйлем номинативтілігімен қатар, предикативті де, яғни кеңістік пен мезгілде болатын оқиға дамуын немесе жағдайларды атап, олардың объективті болмыспен байланысын, оның шын-жалғандығын, болымды-болымсыздығын көрсетеді. Сөйлем бір ғана сөзден тұруы мүмкін, алайда бір сөзден тұратын мұндай сөйлем айтылымға айналады, яғни сипатталып отырған құбылыс пен болмыстың арасындағы түрлі қатынастарды көрсетеді: *Күн қалай? — Тамаша*. Сөйтіп, предикативті бірлік ретінде сөйлем шындық болмысты бағалау қызметін атқарады. Сөз дайын тілдік бірлік болса, сөйлем әрдайым жаңадан құрылып отырады, сөйлеуде пайда болады. Сөйлем, негізінен, сөйлеу аясына жатады, оны бұрынғы грамматикаларда кездесетін сөйлеушінің аяқталған ойды білдіретін сөздер легі деген анықтама да аңғартады.

Сөйлеу бірлігі болғандықтан, сөйлем белгілі бір интонацияға ие: әрбір сөйлемнің өзіне тән интонациялық сипаты бар, оған сөйлеу ағынында бір сөйлемді екіншісінен ажырату үшін, сондай-ақ түрлі коммуникативтік-предикативтік мағынаны, мәселен, сұрау мағынасын білдіру үшін қолданылатын екпіннің, тонның өзгеруі жатады. Алайда сөйлеу дегеннің өзі кең мағынасындағы тілдің бір қыры екенін ескерсек, ол жүйе ретінде тіл және оның қарым-қатынас барысында жүзеге асырылған өнімі деп түсініледі.

Коммуникация бірлігі ретінде сөйлем бір-бірімен тығыз байланыста екі жақты: тіл жүйесінде сөйлемдердің типтік модельдері, жалпыланған үлгілері белгілі және сөйлеуші өмірде өз сөйлемдерін осы үлгілермен құрайды. Нақты сөйлеуде пайда болатын сөйлемдер түрлері шексіз, ал тіл жүйесіндегі сөйлемдер үлгілері белгілі болғандықтан, грамматикада сол сөйлемдер зерттеледі. Предикация сөйлем модальділігін білдіре алады.

Сөйлем предикациясының негізі етістік жіктелуінен көрінеді, яғни етістіктің түрлі категориялары арқылы сөйлемдегі негізгі предикаттық мағыналар байқалады.

Лингвистикаға «валенттілік» ұғымын енгізген француз лингвисті Л.Теньер етістік предикатты етістік валенттілігіне сәйкес құрылатын сөйлем құрылымының өзегі деп санаған; ол етістіктің барлық комплементаторы мен супплементаторын сөйлемнің үдеріске қатысушы элементтері, немесе «актанттар», және үдеріс жағдайларының элементтері, немесе «сирконстанттар», деп бөледі. Етістік баяндауыштан басқа да компоненттер предикацияны білдіре алады, мысалы, сөз тәртібі, көмекші сөздер, интонация. Предикативті семантика етістік арқылы шақтан басқа коммуникация мақсатын да көрсете алады (хабарлау — сұрау — бұйрық).

Сөйлем дегеніміздің өзі тілдің коммуникативті бірлігі болғандықтан, онда белгілі бір коммуникативтік мақсат болуы тиіс, яғни тыңдаушыға әсер етуді көздеуі тиіс. Қолда бар жазбаша және ауызша деректерге сүйене отырып, қазіргі дәстүрлі грамматика сөйлемдерді коммуникативтік үш типке бөледі: хабарлы, сұраулы, бұйрықты, ал лепті сөйлемнің коммуникативтік мәртебесі нақтыланбаған.

Қазіргі кездегі зерттеулер көрсетіп отырғандай, сөйлемнің коммуникативтік типтері тыңдаушының реакциясына қарай сипатталып отыр. Тыңдаушының реакциясын ескеруді Ч.Фриз көрсеткен болатын. Оның пікірінше, сөйлем — айтылымның ең аз көлемі, және қарым-қатынасқа түсу үшін айтылатын бұл бірліктер тыңдаушының реакциясына байланысты үш топқа бөлінеді. Бірінші топты тыңдаушының жауап сөзін тудыратын айтылымдар құрайды да, оған сәлемдесу, вокативтер, сұрақтар кіреді. Екінші топқа кіретін айтылымдар тыңдаушының нақты іс-әрекетіне түрткі болады. Ал үшінші топтағы айтылымдар осы ұжымның назарын аударту үшін айтылатын хабар. Ч.Фриздін классификациясы дәстүрлі бөліністі детальді түрде қарастыруға негіз болды.

Сөйлемдердің коммуникативтік типтерін оппозициялық жұптарда (хабарлы сөйлем — бұйрықты сөйлем, хабарлы сөйлем — сұраулы сөйлем) қарастыратын болсақ, сөйлемнің коммуникативтік типтерінің айырым белгілері сөйлемнің актуалды мүшеленуіндегі айырмашылықтармен, яғни айтылымның логикалық предикаттарын білдіретін ремалық компоненттер сипатымен тікелей байланысты екенін байқауға болады. Хабарлы сөйлемнің ремасы белгілі бір оқиға, құбылыс, қасиет, дерек туралы тікелей хабар, ақпар берсе, бұйрықты сөйлемнің ремасында сөйлеушінің талап етіп немесе қалап тұрған іс-әрекетінің мазмұны, яғни тыңдаушыны іс-әрекетке итермелеу болады. Сұраулы сөйлемнің ремасында сұраққа жауап алу көзделген, яғни тыңдаушыны жауап беруге, кері ремаға бағыттайды.

Байқап отырғанымыздай, сұраулы сөйлемнің ремасы басқаларынан өзгеше, себебі онда ашық сұрақты рема да, альтернативті сұрақты рема да кездеседі және соған байланысты сұрақтар да орынбасарлық немесе ашық болып келеді.

Тек хабарлы сөйлем ғана нақты ақпаратты көрсетеді, бұны оның тема-ремалық қатынастарының нақты мазмұны көрсетеді.

Коммуникативтік парадигматикада лепті сөйлемдер орнын анықтау үшін оның да ремасына назар аудару керек. Лепті сөйлемнің коммуникативтік-мақсаттық статусы ремадан көрінбейді, демек, лептілік сөйлемнің қосалқы белгісі, сондықтан осы белгі негізінде сөйлемнің коммуникативтік типтерінің әрқайсысы — хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер екі нұсқада беріле алады. Мысалы: — **Тоқтат, ақымақ! — Ғафу етіңіздер. Меймансыздар, кінә менен. Ал енді... келген іздеріңізбен кері қайтасыздар!**

Сөйлемдердің коммуникативтік типтерін қарастыру барысында өз мағынасында аралық коммуникативтік типтерді тоғыстырған сөйлемдерді де байқауға болады.

Хабарлы және сұраулы сөйлемдер аралығында хабарлы-сұраулы, сұраулы-хабарлы сөйлемдер кездеседі, яғни сөйлемде жартылай сұрау болып, айтушы өз сөзін тыңдаушы не жоққа шығаруын, не растауын күтеді: *Терезе жабық қой. Сұраулы сөйлемде сұрақпен қатар өзін-өзі кінәлау да байқалады: **Жоғалтқанда кім ұятын, кім есін, Жылай алмай, жынды адамдай күлесің. Кешірер ме мына бізді келешек, Тонатқанда ұрпақтардың үлесін.*** Бұл сұрақтың жауабы да кешірім өтіну мәнінде болуы мүмкін.

Сондай-ақ хабарлы және бұйрықты сөйлемдер арасында да әрі хабарлау, әрі бұйрықты мәнді сөйлемдер ұшырасады: *Терезені жапсаңшы.*

Хабарлы, бұйрықты, сұраулы сөйлемдер транспозиция құбылысының әсерімен бірін-бірі алмастырып, лепті сөйлемге айналып, түрлі модальділікті тудыра алатыны байқалады.

Сөйлемдердің түрлі коммуникативтік-прагматикалық типтерін бір-бірінің орнына алмастырып қолдану, әрине, шексіз емес. Соған байланысты нақты қарым-қатынас жағдайында оларды қолдану әлеуметтік негізде жүзеге асады деуге болады, яғни бір типтегі сөйлемді екінші типтегі сөйлеммен алмастыру олардың иллюкутивті күшіне байланысты, демек, негізгі мәнге қосалқы мән үстеу оның түпкі нәтижесіне әсер етеді деген сөз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Ана тілі, 2002. — 531,532-б.
- 2 Елеуова А. Қазақ тіліндегі актуалсыздану құбылысы және оның сөйлем құрылымында алатын орны: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2007. — 3,4-б.
- 3 Ерназарова З. Сөйлеу тілінің прагмалингвистикалық аспектісі. — Алматы, 2001. — 98-б.
- 4 Құрманова Н., Тұрлыбекова Ж. Ахмет Байтұрсынұлының сөйлемді коммуникативтілік тұрғысынан жіктеуі // Ахмет Байтұрсынұлы: қайраткер аманаты және ұлт мұраты: Респ. ғыл.-теор. конф. материалдары. — Алматы, 2012. — 88-б.
- 5 Тіл білімі сөздігі. — Алматы, 1998. — 71-б.
- 6 Жақыпов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): Филол. ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 1999. — 3-б.
- 7 Новое в зарубежной лингвистике. — М., 1986. — 424 с.

Ж.Д.Рапишева, Ж.А.Тұрлыбекова

О коммуникативных типах предложений

В статье рассмотрены вопросы коммуникативных типов предложений в казахском, русском и зарубежном языкознании. Основным признаком коммуникативных типов предложений называют их проявление в речи, поэтому образование коммуникативных типов предложений в процессе разговорной речи подтверждается языковым материалом. Авторами статьи сделан вывод о том, что отличающие признаки коммуникативных типов предложений тесно связаны с характеристикой компонентов ремы.

Zh.D.Rapisheva, Zh.A.Turlybekova

About communicative types of sentences

In article research of communicative types of sentences in the Kazakh, Russian and foreign linguistics is considered. The main sign of communicative types of sentences call their manifestation in speech therefore formation of communicative types of offers in the course of informal conversation is confirmed by a language material. Authors of article draw a conclusion that distinguishing signs of communicative types of sentences are closely connected with the characteristic of components of a rheme.